

**Хаттама № 1**  
**«TURKISTAN INVEST» ИТЭДАА» ЖШС сыбайлас жемқорлыққа қарсы**  
**I - тоқсандық іс-шаралар жиналысы**

Түркістан.қ  
сағ: 11:00

«28» наурыз 2024ж

**Мекеменің толық атауы:** «TURKISTAN INVEST» инвестиция тарту және экспортты дамыту аймақтық агенттігі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Серіктестік).

**Серіктестіктің нақты орналасқан жері:** Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Басқармалар үйі, 4 қабат.

**Төрағалық етті:** «TURKISTAN INVEST» ИТЭДАА» ЖШС Басқарма Төрағасы Б.Х. Кенжебаев.

**Қатысты:** «TURKISTAN INVEST» ИТЭДАА» ЖШС барлық қызметкерлері.

***Күн тәртібінде:***

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР заңы  
(*Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ*)

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі  
(*Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ*);

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР-ның Кодексі  
(*2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ*);

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компласіс қызметтің функцияларына жауапты Әкімшілік блоктың менеджері А.С. Копбаева Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ заңы бойынша толық түсіндірме жұмыстарын жасады.

Осы Заң сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған.

Осы Заңда қамтылатын ұғымдар мынадай мағынада қолданылады:

- лауазымды адам – тұрақты, уақытша немесе арнаулы өкілеттік бойынша билік өкілінің функцияларын жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін - өзі басқару органдарында, сондай - ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери

құралымдарында ұйымдастырушылық - өкімдік немесе әкімшілік - шаруашылық функцияларды орындайтын адам;

- мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектінде басқарушылық функцияларды орындайтын адам – көрсетілген ұйымдарда ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік - шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша не арнаулы өкілеттік бойынша орындайтын адам;

- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;

- мүдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін;

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

- сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, қоғамның мемлекеттік органдар қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шаралар және осы Заңға сәйкес өзге де шаралар;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер – осы Заңда белгіленген және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шектеулер;

- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бір реттік науқан ретінде қарамау керектігін атап өтіп, оған белгіленген жауаптылық түрлерін көрсетті:

- Парақорлық қылмысы үшін бас бостандығынан айыру мерзімі он бес жылға дейін ұзартылды.

- Құқық қорғау органдары мен соттарға қылмыстық жауаптылық қатаңдатылды.

- Сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін мемлекеттік қызметке өмір бойына тыйым салынды.

- Ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін түрмеден ерте босату шектелді.

**2. Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы** - Қазақстан Республикасының осы Қылмыстық кодексінен тұрады. Қылмыстық жауаптылықты көздейтін өзге заңдар осы Кодекске енгізілгеннен кейін ғана қолданылуға жатады.

Осы Кодекс Қазақстан Республикасының Конституциясына және халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларына негізделеді. Қазақстан Республикасы Конституциясының жоғары заңдық күші бар және Республиканың барлық аумағында тікелей қолданылады. Осы Кодекс пен Қазақстан Республикасы Конституциясының нормалары арасында қайшылықтар болған жағдайда Конституцияның ережелері қолданылады. Осы Кодекстің конституциялық емес деп танылған, оның ішінде адамның және азаматтың Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін нормалары заңдық күшін жояды және қолданылуға жатпайды. Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты мен Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнамасының құрамдас бөлігі болып табылады.

Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Кодекс алдында басымдыққа ие болады. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Қазақстан Республиканың заңнамасында айқындалады.

Қылмыстық кодекстің негізгі міндеттері ретінде: адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, меншікті, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қоғамға қауіпті қолсұғушылықтан қорғау, бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігін сақтау, сондай - ақ қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу болып табылады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасау - осы Кодексте көзделген қылмыс не қылмыстық теріс қылық құрамының барлық белгілері бар іс - әрекеттер қылмыстық жауаптылықтың бірден - бір негізі болып табылады. Дәл сол бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін ешкімді де қылмыстық жауаптылыққа қайталап тартуға болмайды. Қылмыстық заңды ұқсастығы бойынша қолдануға жол берілмейтіндігін түсіндіріп, Қылмыстық кодекстің баптарына тоқтала кетті.

**3. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасы**

- Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасы осы Кодекстен тұрады.

- Осы Кодекс Қазақстан Республикасының Конституциясына, халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидаттары мен нормаларына негізделеді.

- Осы Кодекске өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздемейтін заңмен жүзеге асырылады.

Бұл ереже әкімшілік жауаптылықты алып тастау жағдайларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен әзірленетін заң жобаларына қолданылмайды.

- Әкімшілік - деликтік құқықтық қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының халықаралық шарттық және өзге де міндеттемелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының және Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманың құрамдас бөлігі болып табылады.

- Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Кодекс алдында басымдыққа ие болады және халықаралық шарттан оны қолдану үшін заң шығаруды талап ету туындайтын жағдайлардан басқа кезде, тікелей қолданылады. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделгеннен өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

### **Қорытынды:**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтің функцияларына жауапты Әкімшілік блок менеджері А.С. Копбасва сыбайлас жемқорлыққа қарсы І - тоқсандық іс - шаралар жиналысының баяндамасын қорытындылай келе сыбайлас жемқорлықтың тәуекелін азайтып қоғамда салдарын жою үшін әр азамат қарсы тұрып, орын алған жағдайда дер кезінде құзырлы органға немесе сенім орталықтарына хабар беру әр азаматтың борышы екендігін айтты.

**Басқарма Төрағасы**

**Хатшы**



**Б. Кенжебаев**

**А. Копбаева**